

Бурабай ауданының елді мекендерінде иттер мен мысықтарды күтіп ұстау және серуендету Ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2011 жылғы 23 маусымдағы № С-33/5 шешімі. Ақмола облысының Әділет басқармасында 2011 жылғы 18 шілдеде № 1-19-203 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 маусымдағы № 5С-7/6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2012.06.21 № 5С-7/6 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 3 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабының 1 тармағының 8 тармақшасына сәйкес Бурабай аудандық мәслихат
Ш Е Ш І М Е Т Т І :

1. Қоса берілген Бурабай ауданының елді мекендерінде иттер мен мысықтарды күтіп ұстау және серуендету Ережелері бекітілсін.

2. Бурабай аудандық мәслихаттың «Әкімшілік жауаптылық қарастырылған құқық бұзушылық ережелерін бекіту туралы» 2005 жылғы 4 наурыздағы № С-14/3 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 3112 тіркелген, 2005 жылғы 21 сәуірдегі аудандық «Бурабай» газетінде, 2005 жылғы 18 сәуірдегі аудандық «Луч» газетінде жарияланған), «Щучье аудандық мәслихатының 2005 жылғы 4 наурыздағы № С-14/3 «Әкімшілік жауаптылық қарастырылған құқық бұзушылық ережелерін бекіту туралы» шешіміне толықтырулар енгізу туралы» 2006 жылғы 9 қазандағы № С-33/4 (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 1-19-86 тіркелген, 2006 жылғы 2 қарашадағы аудандық «Бурабай» газетінде, 2006 жылғы 30 қазанда аудандық «Луч» газетінде жарияланған) шешімдері күшін жойған деп танылсын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

XXXIII сессиясының төрағасы

мәслихаттың хатшысы

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т т ы ң

П.Проскурин

А у д а н д ы қ

Г.Марченко

«КЕЛІСІЛДІ»

Бурабай ауданының әкімі

В.Балахонцев

«Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігінің
Агроөнеркәсіптік кешендегі
мемлекеттік инспекциясы
комитетінің Бурабай аудандық
аумақтық инспекциясы» мемлекеттік

мекемесінің бастығы

К.Мәшімов

«Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау
министрлігінің Мемлекеттік
санитарлық-эпидемиологиялық
қадағалау комитетінің Ақмола
облысы бойынша департаментінің
Бурабай ауданы бойынша
мемлекеттік санитарлық-
эпидемиологиялық қадағалау
басқармасы» мемлекеттік

мекемесінің бастығы

С.Жолдасбаев

«Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
Ақмола облысының ішкі істер
департаментінің Бурабай
ауданының ішкі істер бөлімі»

мемлекеттік мекемесінің бастығы

Е.Жүсіпов

Бурабай

аудандық

мәслихаттың

2011

жылғы

23

маусымдағы

№ С-33/5 шешімімен бекітілген

Бурабай ауданының елді мекендерінде

иттер мен мысықтарды күтіп ұстау және серуендету

Ережелері

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Бурабай ауданының елді мекендерінде иттер мен мысықтарды күтіп ұстау және серуендетудің осы Ережелері (бұдан әрі – Ережелер) Бурабай ауданы аумағында иттер мен мысықтарды күтіп ұстау және серуендетуді регламенттеу

мақсатында

әзірленген.

2. Ережелер меншік нысанына қарамастан иттер мен мысықтарды ұстайтын барлық жеке және заңды тұлғаларға таралады. Қызметтік иттері мен питомниктері бар құқық қорғау органдарының мекемелеріне таралмайды.

3. Осы Ережелер Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексіне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» Заңына сәйкес әзірленген.

2 тарау. Иттер мен мысықтарды ұстау жағдайлары

4. Иттер мен мысықтарды ұстайтын иелер санитарлық-гигиеналық, ветеринарлық ережелерді ұстанады.

5. Көп қабатты үйлердің ортақ пайдалану орындарында (баспалдақ торларында, төлелерде, дәліздерде) сондай-ақ балкондар мен лоджияларда иттерді ұстауға тыйым салынады.

6. Жеке үйлердің иелері иттерді, олардың қашып кетуін болдырмайтын жеке қонысының шекарасында ұстасын. Жеке қонысқа кірер қақпада иттердің бар екендігі туралы ескертпе тақтасы бар.

7. Кәсіпорындар мен мекемелер жанына иесі байлап кеткеннен басқа қоғамдық орындарда иесіз жүрген иттер мен мысықтар қаңғыбас деп есептеледі және қаңғыған иттер мен мысықтарды аулау бойынша арнайы қызметтердің міндетті аулауына жатады.

Бақылаусыз қалған иттер мен мысықтарды аулау мен жоюды ұйымдастыру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ұйымдастырылады және жүргізіледі.

8. Иттер мен мысықтар нөмір беру және ветеринарлық төлқұжат алу жолымен сәйкестендіру рәсімінен өтеді.

3 тарау. Иттер мен мысықтарды ұстау тәртібі

9. Иттер мен мысықтардың иелері заңды мәртебесіне және меншік нысанына қарамастан:

1) иттер мен мысықтарды осы Ережелердің талаптарына сәйкес тиісінше ұстауды қамтамасыз етеді;

2) айналасындағының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, санитарлық ережелерді сақтау үшін қажетті шаралар қолданады;

3) ортақ пайдалану орындарында және басқа да қоғамдық орындарда иттер мен мысықтарды серуендеткен кезде пайда болған ластануды тазартады;

4) жануарды егу, қарау және ұстауға байланысты, осыларды жүзеге асырған

органдардың барлық шығындарын өтейді;

5) жануарлар қабуының барлық уақиғалары, сондай-ақ жануарлардың кенеттен болған өлім-жітімі жөнінде дереу селолық округтің ветеринарлық инспекторына немесе ветеринарлық қадағалау органына және денсаулық сақтау органдарына хабарлайды, жануар ауруға ұшырады деп күдіктенген жағдайда, оны ветеринарлық қызметтің мамандары келгенге дейін оқшаулайды немесе жануарды қоғамдық көлікті пайдаланбай мал дәрігеріне жеткізеді;

6) өлген жануарлардың өлігін мал қорымында немесе өлік жағатын пеште к ә д е г е ж а р а т а д ы ;

7) ветеринарлық қызметкерлерге, олардың талабы бойынша жануарларды диагностикалық зерттеу және вакциналау мен дегельминтизациялау үшін ж а н у а р д ы б е р е д і .

10. Үй жануарларының құтыру ауруына шалыққанына күдіктену фактісі анықталған жағдайда, көрсетілген жұкпаға қарсы бұрын сәйкестендіру және иммунизация рәсімдерінен өтпегендер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алып қойылады және жойылады.

4 тарау. Иттер мен мысықтарды серуендету тәртібі

11. Жануарларды серуендеткенде олардың иелері келесі ережелерді ұстанады :

1) иттерді аулада, балалар алаңқайларында, мектеп аулаларында, стадиондарда, парктерде, саябақтарда серуендетпеу. Серуендеткен уақытта болған барлық ластауды (табиғи дәреттерін) жинайды;

2) иттерді арнайы бөлінген, қоршалған жерлерде серуендету, егер ондай жерлер жоқ болса, иттерді қыдыртуға бөлінген құла далада жүзеге асырылады.

3) адамдар көп жиналатын жерлерде, қоғамдық көліктерде және басқа қоғамдық орындарда иттерді қысқа шылбырда және тұмылдырықта ұстау. Адам аз жерлерде иттерді ұзын шылбырда және тұмылдырықта серуендетуге рұқсат етіледі. Қоршалған жерлерде және құла далада, адамдар жоқ болған жағдайда иттерді тұмылдырығын шешпей шылбырдан босатып жіберуге рұқсат етіледі;

4) иттерді түнгі уақытта серуендеткен кезде олардың иелері тыныштықты сақтау шараларын қолданады.

5 тарау. Қорытынды ережелер

12. Осы Ережелерді бұзғаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының әкімшілік заңнамасымен белгіленеді.

